

Светлана Кожирова¹, Айша Мұқашева²

*¹Р. Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институты,
саяси ғылымдардың докторы
(Астана, Қазақстан)
e-mail: sbako@mail.ru*

*²Назарбаев университеті, Мемлекеттік басқару магистрі
(Астана, Қазақстан)
e-mail: mukasheva.ad@gmail.com*

ҚЫТАЙ ЕҢБЕК КӨШІ-ҚОНЫНЫҢ ҚАЗАҚСТАН-ҚЫТАЙ ҚАТЫНАСЫНА ӘСЕРІ

Аңдатпа. Мақалада Қазақстанға Қытай жақтан қоныс аударуының, соның ішінде еңбек көші-қонуының үрдістері зерттелген. Қытайдың көші-қоны – Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуына әсер ететін маңызды факторлардың бірі. Оған ресми биліктің көзқарасы оң болғанымен, қазақстандық қоғам бұған үреймен қарады. Бұл үрдістің демографиялық, экономикалық және әлеуметтік-саяси салдарына берілген қарама-қайшы бағалар зерттеушілердің үнемі назарында және қызу қоғамдық-саяси пікірталастардың нысанасына айналды.

Мақалада түрлі жылдары Қазақстанда жүргізілген сауалнамалар мен әлеуметтік зерттеулердің нәтижелері жинақталған. Сол нәтижелердің негізінде Қытай еңбек көші-қонының алғы-шарттары, ағымы мен құрамы, сонымен қатар географиясына сараптама жасалынып, болашақта мүмкін салдары болжанған. Көші-қон үрдістерін талдау барысында М.Тодароның неоклассикалық экономикалық теориясы, О.Старк пен Э.Тейлордың миграцияның жаңа экономикалық теориясы, М.Пиордың қос еңбек нарығы теориясы және А.Паллонидің миграциялық желілер теориясы қарастырылды.

Жасалынған талдау Қытайдың Қазақстандағы демографиялық экспансиясы туралы кең тараған мәлімдемелердің негізсіз екенін айғақтайды. Дегенмен, Қытай экономикалық қатысуының, әсіресе Қазақстан экономикасының стратегиялық маңызды секторларында, бақылаусыз кеңеюі ҚХР-дан сыртқы заңды көші-қон ағынының жылдам және ауқымды ұлғаюына әкелуі мүмкін деп аталып өткен.

Түйін сөздер: *Қытай, ҚХР, Қазақстан, миграция, көші-қон, еңбек көші-қоны.*

Светлана Кожирова, Айша Мукашева
**ВЛИЯНИЕ КИТАЙСКОЙ ТРУДОВОЙ МИГРАЦИИ НА
КАЗАХСТАНСКО-КИТАЙСКИЕ ОТНОШЕНИЯ**

Аннотация. В статье рассматривается процесс миграции, в том числе трудовой миграции из Китая в Казахстан. Актуальность статьи заключается в том, что китайская миграция стала одним из важнейших факторов воздействия на социально-экономическое развитие Казахстана. Хотя и официальное отношение к миграционным потокам из Китая позитивное, в казахстанском обществе не снижается уровень основанных на угрозах для страны опасений, обусловленных расширением китайской миграции. Противоречивость оценок демографических, экономических и социально-политических последствий расширения китайского присутствия в стране постоянно находится в поле зрения исследователей и периодически становится предметом острых социально-политических дискуссий.

В статье обобщены результаты опросов и социологических исследований, проведенных в Казахстане в различные годы. На основе данных результатов анализируются предпосылки, состояние, состав и география трудовой миграции, а также прогнозируются возможные последствия. В ходе анализа были рассмотрены неоклассическая экономическая теория М. Тодаро, новая экономическая теория миграций О. Старка, Э. Тейлора, теория двойных рынков труда М. Пиора, теория миграционных сетей А. Паллони.

Анализ показывает, что широко распространенные заявления о демографической экспансии Китая в Казахстане необоснованны. Однако отмечено, что неконтролируемое расширение экономического присутствия Китая, особенно в стратегически важных отраслях экономики Казахстана, может привести к быстрому и масштабному увеличению потока легитимной иностранной миграции в страну.

Ключевые слова: *Китай, КНР, Казахстан, миграция, китайская миграция, трудовая миграция.*

Svetlana Kozhirova, Aisha Mukasheva
**THE LABOUR MIGRATION INFLUENCE ON KAZAKHSTAN-
CHINESE RELATIONS**

Abstract. The article considers the process of Chinese migration, namely labor migration to Kazakhstan. The relevance of the article lies in the fact that Chinese migration has become one of the most important factors influencing the socio-economic development of Kazakhstan. Although the official attitude towards migration flows from China is positive, the level of fears based on threats to the country caused by the expansion of Chinese migration does not decrease in Kazakhstani society. The contradictory assessments of the demographic, economic, and socio-political consequences of the expansion of the Chinese presence in the

country are constantly in the field of view of researchers and periodically become the subject of heated socio-political discussions.

The article summarizes the results of surveys and social research conducted in Kazakhstan in different years. Based on these results, the piece analyzes the preconditions, flow, geography, and composition of labor migration; and predicts the possible consequences in the future. During the analysis, the neoclassical economic theory of M. Todaro, the new economic theory of migration by O. Stark, E. Taylor, the theory of dual labor markets by M. Pior, and the theory of migration networks by A. Palloni were considered.

The analysis shows that widespread claims about Chinese demographic expansion in Kazakhstan are unfounded. However, it was noted that the uncontrolled expansion of China's economic presence, especially in strategically important sectors of Kazakhstan's economy, could lead to a rapid and large-scale increase in the flow of legitimate foreign migration from China.

Keywords: *China, Kazakhstan, migration, Chinese migration, labor migration*

Кіріспе

Тарихта Қазақстанға Қытай жақтан қоныс аударуының бірнеше толқыны белгілі. Ең ауқымдысы 1880 жылдардағы Ресей мен Цин империялары арасында Петербург келісімі жасалғаннан кейінгі кезеңге келеді. Бұл Қытайдан Қазақстанға көшіп келушілердің бірінші толқыны болып қарастырылады. Екінші толқын 1960 жылдардағы Қытай-Кеңес қатынастарының шиеленісу кезеңіне келеді. Жалпы КСРО мен ҚХР арасындағы шекаралас аймақтарда белсенді көші-қон үрдістері тұрақты жүретін. Дегенмен дәл сол жылдары саяси, экономикалық және жеке факторлар есесінен аймақта бірнеше ауқымды трансшекаралық қозғалыстар орын алды. Аталған екі ауқымды көші-қон толқыны нәтижесінде шекара аумағында ҚХР-дың бұрынғы азаматтары – негізінен этникалық қазақтар мен ұйғырлардан тұратын ерекше «анклавтар» қалыптасты.

1980 жылдардың аяғында Қытайдың Қазақстанға қоныс аударуының үшінші толқыны басталды. 1988 жылы кеңес-қытай шекарасынан өтуге визасыз тәртіп енгізілгеннен кейін, Қазақстанға қытайлық ұсақ саудагерлер мен кәсіпкерлердің ауқымды ағыны келді. Посткеңестік кеңістіктегі саудагер-мигранттардың алғашқы легі негізінен Қазақстанда туыстық байланыстары бар Шыңжаң қазақтары мен ұйғырларынан тұрды. Кейінірек олардың қатары ханьдықтардың өздерімен толықтырылды.

Қытайдың көші-қоны Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуына әсер ететін маңызды факторлардың біріне айналды. Екі ел кең және жан-жақты экономикалық ынтымақтастыққа мүдделі болды.

1990 жылдары Қытайда еңбек мигранттарының қозғалысына кедергі жасамау туралы ішкі пайдаланыс үшін нұсқаулықтар таратылды. Қытай Халық Республикасы Мемлекеттік Кеңесінің «Халықты жұмыспен қамту және еңбек ресурстарын бөлу мәселесін одан әрі тұрақтандыру шаралары туралы» қаулысы Қытайдың халқы тығыз орналасқан аймақтарынан жұмыс

күшін аз қоныстанған ауыл шаруашылығы аудандарына (негізінен шекаралық) экспорттауды кеңейтуге бағытталған. Қытай билігі шығыс провинциялар тұрғындарын, негізінен хань халқын шекара жаққа көшуге ынталандырды [1].

Қазақстанның болашақ дамуы тұрғысынан Қытай азаматтарының елге көшіп келуіне, сондай-ақ Қытай ықпалы кеңеюінің демографиялық, экономикалық және әлеуметтік-саяси салдарына берілген қарама-қайшы бағалар зерттеушілердің үнемі назарында болып, қызу қоғамдық-саяси пікірталастардың нысанасына айналды. Қытай көші-қон ағынына ресми биліктің көзқарасы оң болғанымен, қазақстандық қоғам бұған үреймен қарады.

Зерттеу әдістері

Көші-қон үрдістерін талдау барысында, М.Тодароның [2] неоклассикалық экономикалық теориясын атап өткен жөн. Бұл теорияның негізінде «тарту-итеру» концепциясы мен көші-қонның макродеңгейдегі факторлары жатады.

Жұмыстары өзге теориялық тәсілдер аясында жүргізілген авторлардың ішінен О.Старк пен Э.Тейлорды (миграцияның жаңа экономикалық теориясы) [3]; М.Пиорды (қос еңбек нарығы теориясы) және А.Паллониді (миграциялық желілер теориясы) [4] атап өтуге болады.

Көші-қон мінез-құлқы мен бейімделу потенциалы макродеңгейде Д.Массейдің «көші-қон тізбегі» теориясының [5] негізінде, аймақтық бейімделу мүмкіндіктері деңгейінде – ассимиляция теориясы негізінде, ал жеке деңгейде – әлеуметтік мінез-құлық теориясы негізінде талданды. Ғылыми әдебиеттерде экономикалық көші-қонның бірнеше классификациясы сипатталады, олардың ішіндегі ең үздігі В.Бенингке тиесілі [6]. Ол экономикалық көші-қонның келесі түрін – мамандардың, техникалық және атқарушы жұмысшылардың, іскер адамдардың қозғалысын айқындайды. Жұмысшылардың бұл санаты әдетте ешқандай кедергісіз көшіп-қонып жүреді, өйткені ол әртүрлі елдердің еңбек нарығында сұранысқа ие. Олардың жаңа елде болу уақыты бірнеше айдан бірнеше жылдарға дейін созылуы мүмкін. Осы санаттағы жұмысшылардың көпшілігі өндірістік қажеттіліктерге байланысты жиі көшіп-қонуға мәжбүр.

Соңғы жылдары Қазақстандағы қытайлық көші-қон мәселесін Садовская Е. [7] зерттеуде. Оның айтуынша, Қытайдан Қазақстанға заңсыз көші-қонның деңгейі өте аз, өйткені ҚХР үкіметі қытайлық кәсіпкерлерді қабылдаушы елдердің заңнамасын қатан сақтауға бағыттайды. Шекараны заңсыз кесіп өтудің бір-екі жағдайы кездескен. Дегенмен жалпы Қытай еңбек мигранттарының ұлттық көші-қон және еңбек заңнамасын бұзу жағдайлары көбінесе Орталық Азия елдеріне тиесілі. Қытайлық зерттеуші Чжуаньсюнь Цяочу айтуынша, бүгінде Қытай Орталық Азиядағы көлік, коммуникация, энергетика (мұнай-газ, уран, көмір,) инфрақұрылымын дамытуда ірі қаржылық донорлар мен инвесторлардың біріне айналған. Қытай маңызды сауда-экономикалық серіктес және тұтыну тауарларының барлық дерлік ассортиментін жеткізуші болып табылады. 25 жыл бойғы сауда екі жақты шағын және жеке сауда бизнесінің, сонымен қатар Қытаймен шекаралас елдердегі миграцияның көзі

болды. Қытай, сонымен бірге, аймақта тапшы білікті жұмыс күшінің көзіне айналды. Бүгінгі күні бұл көші-қон екі ел арасындағы белсенді дамып келе жатқан сауда-экономикалық ынтымақтастық жағдайында үнемі нығайып келе жатқан айтарлықтай тұрақты тенденцияға айналды [8].

Талқылау

Қазіргі көші-қон үрдістері жаһанданудың ажырамас құрылымдық құрамдас бөлігіне айналууда. Еңбек көші-қонының жаһандануы қабылдаушы елдердегі еңбек нарығын сегменттеуге және негізінен мигранттар айналысатын жұмыс түрлерінің пайда болуына әкеледі. Халықаралық көші-қонның ауқымы мен географиясы кеңейді, дүние жүзінің барлық дерлік елдері әлемдік миграция орбитасына тартылды; жаһанданушы еңбек нарығының қажеттіліктеріне сәйкес көші-қон ағындарының құрылымы өзгерді. Дегенмен, дамыған елдердің тәжірибесі көрсеткендей, мигранттар үшін нақты еңбек түрлерінің қалыптасуы болашақта мигранттардың еңбегіне тәуелді экономиканың қалыптасуына әкеледі.

Көші-қон үрдістері қазіргі әлемнің әлеуметтік және саяси трансформациясында шешуші рөлдердің бірін атқарады. Өйткені олар интеграцияның нәтижесі ғана емес, сонымен бірге қоғамдағы болашақ күрделі өзгерістердің алғышарты болып табылады. Атап айтқанда, олар әлеуметтік-саяси құрылымның қалыптасуына, экономикалық және саяси жағдайға, әлеуметтік даму факторларының таралуына, мемлекеттің саяси-құқықтық жүйесінің қалыптасуына әсер ете алады. Көші-қон үрдістері мен ұлттық қауіпсіздік арасындағы байланыс геосаяси аспектілермен, демографиялық және экономикалық қауіпсіздікке қауіп-қатерлермен анықталады. Сондықтан бақыланбайтын этникалық анклавтардың пайда болу фактісін, сондай-ақ келушілер мен қабылдаушы қоғам арасындағы қақтығыстардың шиеленісуін ескеру өте маңызды.

2004-2008 жылдары қытайлық мигранттар (Алматы мен Астанада 300 адам) арасында іріктелген сауалнама жүргізілді [9]. 2012-2014 жылдары социологиялық зерттеу жүргізілді [10]. 2021 жылы мақала авторлары қытайлық мигранттар арасында тағы бір сауалнама жүргізді. Бұл мақалада аталған үш сауалнаманың нәтижелері жинақталған.

Нәтижелер

Қазіргі Қытай халықаралық көші-қон үрдістерінің қарқынды дамып келе жатқан қатысушысы болып табылады. ҚХР халқы санының едәуір болуы халықтың жоғары тығыздығын тудыруымен қатар Қытай азаматтарының шетелге жаппай кетуіне объективті алғышарттарды құрайды. Ашық реформалар аясында шетелге шығу шектеулерінің біртіндеп алынып тасталуы елден тыс көші-қон үшін кең мүмкіндіктер ашты. Елдегі экономикалық қайта құрулар жағдайында халықтың ішкі және сыртқы қоныс аударуына әкелетін орасан зор миграциялық әлеует бар. Қытай билігі шығыс провинциялар тұрғындарын, негізінен хань халқын елдің шетіне көшуге ынталандыруда. Бұл үрдістер елден тыс көші-қон ағынымен қатар жүреді.

Көші-қонға әсер ететін факторлар кешенінің ішінде экономикалық факторлар негізгі болып табылады. Оларға ел экономикасының жалпы жағдайы, өмір сүру деңгейі, табыс пен жалақы, көлік және энергетикалық ресурстардың бағасы және т.б. жатады.

Қытай көші-қонының өзі де экономикалық сипатқа ие. 2011 және 2021 жылдарының зерттеу деректері «Қытай демографиялық экспансиясы» туралы мифтерді растамады. 1990 және 2000 жылдарының басында қытайлықтардың еңбек миграциясының негізгі қозғаушы күші – жұмыссыздық пен «артық жұмыс күшін» тарту қажеттілігі және көршілес Қазақстанда бос салалардың болуы. Бұл қытай еңбек миграциясына түрткі болып, қытайлықтар қызмет көрсету саласында (соның ішінде ҚХР-ға кіру құжаттарын ресімдеу және қытай фирмаларымен мәмілелер бойынша делдалдық қызметтер көрсету), көтерме саудада, сатып алу қызметтерінде басым кездесе бастады. 2000 жылдардың басындағы шетел капиталының қатысуымен құрылған кәсіпорындардың қызметін тіркеу және бақылау тәртібінің салыстырмалы түрде либералды түрі қытайлық еңбек мигранттарына бастапқы капиталды жинақтауға мүмкіндік берді.

Әлеуметтану зерттеулері Қазақстандағы қытайлықтардың басым көпшілігі уақытша мигранттар деген тұжырымды растайды. Қытай еңбек көші-қонының экономикалық құрылымының ерекшелігі – қытайлықтар қытайлық компанияларда, бірлескен кәсіпорындарда және экономиканың жеке секторында жұмысқа жұмылдырылды. Қытай азаматтарының Қазақстандағы негізгі жұмыспен қамтылу салалары – сауда, қызмет көрсету, өнеркәсіптік кәсіпорындар мен құрылыс болып табылады.

Қазақстанда үш-бес жыл тұрақты тұратын қытайлық мигранттардың саны аз. Дегенмен, Қытай еңбек күшінің шоғырланған мекемелері мен экономикалық салалары салыстырмалы түрде тұрақты болып келеді. Қазақстанда жұмыс істейтін қытайлықтар ықшам қоныстануға және ұлттық бірегейлікті сақтауға ұмтылады. Қытайдың көші-қоны өзінің мәдени және білім деңгейі жағынан біркелкі емес.

Қытай бизнесін сыртта белсенді кеңейту аясында мұнай-газ секторында менеджерлер мен білікті жұмысшылардың саны артып келеді. Соңғы жылдары Қазақстанға келген қытайлық мигранттардың әлеуметтік-кәсіби құрамы біршама өзгерді. Онда жеке кәсібі немесе тұрақты жұмысы бар адамдар басым. Бұл Қытай көші-қонының негізгі себебі елдегі жұмыссыздық екендігі туралы мәліметтерді жоққа шығарады.

Қытайлықтардың жұмылдырылуы тек дәстүрлі «қытайлық» (сауда, тұрмыстық қызмет көрсету, қоғамдық тамақтандыру, қонақ үй бизнесі) салаларда ғана емес, азық-түлік өндірісінде, ойын бизнесінде, құрылыста, кірпіш өндірісінде айқындала бастады. ҚХР кәсіпкерлері Қазақстанда жылжымайтын мүлік сатып алып, онда өз кәсіпорындарын ұйымдастырып, қонақ үйлер мен химиялық тазалау орындарын ашу, ғимараттарды жалға беру ісіне қызығушылық танытуда. Ресми деректерге сәйкес, 2020 жылдың мамыр айына қарай, Қазақстанда 100% қытайлық қатысуымен 2674 компания және 822 бірлескен кәсіпорын тіркелген.

Деректер сараптамасы 2010-2015 жылдары Қытайдан еңбек көші-қонының көлемі жалпы өскенін көрсетеді. Бұл сауда қызметінің кеңеюі, мейрамхана бизнесінің дамуы, медициналық және білім беру қызметтері нарығының өсуі және Қазақстанның батыс аймақтарында (Атырау және Ақтөбе) жұмыс істейтін Қытай мұнай компанияларына қытайлық көші-қонның кеңеюінің есебінен болды.

Қазіргі күнде ҚХР өзінің күшейген экономикасының әлеуетін қолдану жолдарын іздеуде. Бүгінде қытайлықтарға келісім-шарт ақшасына жұмыс істеу тиімсіз. Қытайдың ірі құрылыс компаниялары қазірдің өзінде қос инвестор ретінде жұмыс істеп, салынып жатқан нысандарға өз жұмыс күшін, пайдасын және Қытай банктеріндегі ақшасын салып жатыр. Сонымен қатар мемлекет елден тыс жерде жұмыс жасап жатқан қытайлық құрылыс корпорацияларына несие және салық жеңілдіктері түрінде орасан зор мемлекеттік қолдау көрсетіп отыр.

2021 жылғы сәуірдегі жағдай бойынша Қазақстандағы барлық еңбек мигранттарының төрттен бір бөлігі Қытай азаматтарына тиесілі болды. Жергілікті атқарушы органдардың рұқсатымен Қазақстанда жұмыс істеп жатқан 14,8 мың шетелдік азаматтың 3,6 мыңы Қытай еңбек мигранттары [11], 1 490 – Түркия, 1 098 – Үндістан, 947 – Ұлыбритания және 1 369 – Өзбекстан азаматтары болды. Қазақстанға шетелдік жұмыс күшін тартатын қазіргі уақытта 1641 жұмыс беруші бар. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі ішкі еңбек нарығын қорғау мақсатында жыл сайын республикаға шетелдік мамандарды тартуға квота белгілейді. 2021 жылы квота жалпы жұмыс күшінің 0,31%-ын немесе 29,3 мың бірлікті құрады.

Қытайлық мигранттарға берілген жұмыс істеу рұқсаттарының санына сүйенсек, пандемияға дейінгі 5 жыл ішінде олар (2015 жылғы 17,5 мыңнан 2019 жылғы 5,3 мыңға дейін) үш есе кеміді. Ал пандемия кезінде тіпті 8 есе төмендеді (2021 ж. 1 тамызға қарай небәрі 2,2 мың рұқсат берілді).

Қытай көші-қоны құрылымының ерекшеліктерінің бірі – оның географиясы өте кең. 2000 жылдардың басында жүргізілген зерттеулер барысында Қытайдың облыс орталықтары мен қалалардың жергілікті тұрғындарының басым көпшілігі Алматы мен Астанада тұратыны анықталды. Қазақстанға мигранттар ҚХР-дің экономикалық дамыған аймақтарынан – Бейжің мен Шанхайдан, Қытайдың дәстүрлі көші-қон аймақтары Фудзян мен Гуандуннен, Қытайдың шығыс бөлігіндегі Цзянсу мен Аньхойден көп қоныс аударды. Сондай-ақ Қазақстаннан алшақ аймақтардан (Гуанчжоу, Далянь) көші-қон ағындары да айқындалды. Жақында жүргізілген сауалнамалар қазіргі уақытта көші-қон географиясының айтарлықтай өзгермегенін, бірақ Үрімжіден (ШҰАР) ханьдардың келуінің көбейгенін көрсетеді. Бір қала, уез, ауданнан келген жерлес топтардың арасында кәсіпкерлік саланың бөлінуі байқалады. Әсіресе, Қытайдың Гуанчжоу, Нантун (ҚХР Цзянсу провинциясындағы қала) қалалардан келген топтардың тығыз жерлестік байланыстары байқалады. Гуанчжоу тобы көкөністер мен жемістердің көтерме саудасына жұмылдырылса, Астанадағы құрылыс алаңдарында негізінен Цзянсу провинциясының, Нантун қаласынан келгендері басым болды. «Нантун» – дәстүрлі түрде құрылыста жұмыс істейтін

топтар деп саналады. Мұндай бірлестіктер қытайлықтарға өздерінің қызмет саласын басқаруында дәстүрлі әдістерді қолдануға мүмкіндік береді.

Көші-қонның ресми арнасы арқылы жылына Қазақстанға бірнеше жүзге жуық адам келеді. Бұл туыстарымен қосылу үшін немесе некеге тұру үшін ҚХР-дан келгендер (негізінен қазақтар). Қалғандары Қытай мемлекеттік органдардың рұқсатымен қысқа мерзімге және барлық қажетті төлемдерді төлеп келген еңбек миграциясының арнасы арқылы келгендер. Олар белгілі бір уақыттан кейін Қытайға оралады. Дегенмен мойындау керек, кейбір Қытай азаматтары алдымен елге турист ретінде келіп, содан кейін осы жерде жұмыс тауып, тұрақты тұруға қалады.

2010 жылдан бастап Қытай Қазақстандағы шетелдік жұмыс күшінің ең ірі көзіне айналды. Бұл негізінен «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» тас жолы (Қазақстандағы «Белдеу және жол» бастамасы (BRI) жобаларының бірі) инфрақұрылымның құрылысы, Қытайдың Қазақстанға тікелей инвестициялары және сауда-экономикалық айналымның қарқынды өсуі есебінен болды. Сондай-ақ қытайлық мамандар Бейнеу-Бозой-Шымкент газ құбырының екінші учаскесінің құрылысында (Қазақстандағы BRI жобаларының тағы бір түрі), Атырау мен Шымкенттегі екі мұнай өңдеу зауытының, Ақтөбе облысында газ өңдеу зауытының, Павлодар электролиз зауыты мен Ақтау пластмасса зауытының, Мойнақ су электр станциясының және т.б. мекемелердің қайта жөндеуі мен құрылысында жұмылдырылды.

Шетелдік жұмыс күшінің шоғырлануын компаниялар бойынша жеке қарастыратын болсақ, 2016-2017 жылдары «АГП» ЖШС тау-кен өнеркәсібін (188 адам), құрылыс саласындағы «НГСК Казстройсервис» АҚ (72 адам), өзге салаларда – «Бейнеу-Шымкент газ құбыры» ЖШС (74 адам), «Казферросталь» ЖШС (35 адам) секілді кәсіпорындарды атап өткен жөн.

Қазақстанның басқа аймақтарында қытайлық жұмысшыларды тартатын ірі компаниялар қатарынан келесілерді атап өтуге болады:

- Маңғыстау облысындағы «Sea Bu» «Инжинирингтік бұрғылау компаниясы» ЖШС (252 адам);
- «Sinopac Engineering (Group) Co., Ltd» қазақстандық филиалы (3,9 мың адам),
- Атырау облысындағы «Нефтестройсервис Ltd» ЖШС (1,2 мың адам);
- Қарағанды облысындағы «China Machinery Engineering Corporation» (85 адам);
- Жамбыл облысындағы «До Книсг» УКФ ЖШС (110 адам);
- «ПетроҚазақстан Құмкөл Ресорсиз» АҚ (93 адам),
- Қызылорда облысындағы «China Triumph International Engineering» ЖШС филиалы (438 адам) [12].

Сонымен, ҚХР азаматтары Қазақстанның барлық дерлік аймақтарында, ең алдымен, Атырау, Ақтөбе, Маңғыстау батыс облыстардың мұнай-газ секторында; Шығыс Қазақстан мен Қызылордада, сондай-ақ Астана мен Алматы қалаларында шоғырланып, құрылыс, тау-кен және өңдеу өнеркәсібінде, қызмет көрсету салаларында жұмылдырылған. Қытайдан

келетін жұмыс күші, әдетте, қытайлық немесе бірлескен кәсіпорындарда жұмыс істейді. Кейде газ және мұнай құбырларын салуда алыс аудандарда вахталық әдіспен жұмыс істейді. Немесе қытай мейрамханалары мен медициналық орталықтары секілді белгілі бір ұлттық бизнесте жұмыс істейді, бұл мекемелерде көбінесе ҚХР азаматтарының өздері қызмет алуға келіп тұрады. Дегенмен, Қазақстандағы жұмыспен қамтылғандардың жалпы санында қытайлық жұмыс күшінің үлесі аз: 2020 жылы ол 0,1% құрады және Қазақстанның еңбек нарығына айтарлықтай әсер еткен жоқ.

«Белдеу және жол» бастамасы аясында мұнай-газ секторында менеджерлер мен білікті мамандар саны артып келеді. Қытай инвестициясы жұмыс орындарын ашуға әкелетін болса, онда мигранттар ағынының артуы әбден мүмкін. 2015-2021 жылдары аралығында жалпы сомасы 4 млрд. доллардан асатын 17 жоба іске қосылды, жалпы сомасы 5,3 млрд. доллар құрайтын 16 жоба жүзеге асырылуда, 23 жоба әзірленуде [10]. Бұл Қазақстандағы көші-қон үрдістерінің айрықша факторы болып табылады. Мәселен, Ресейде ҚХР еңбек мигранттарын тартудың негізгі себебі Қиыр Шығыстағы бос, тартымсыз жұмыс орындарының көптігі болса, Қазақстанда қытайлық мигранттардың көпшілігі өз еліне қатысты қызметпен айналысады. 2010-2020 жылдары Қытай азаматтарына жұмыс істеуге 98 846 рұқсат берілген, бұл осы кезеңде берілген шетелдік жұмыс квотасының 32 пайызын құрады. Алынған рұқсаттар бойынша Қытай көш бастап тұр. Түркия (15%) мен Үндістан (6%) берілген рұқсаттар саны бойынша екінші және үшінші орындарда. Қытай азаматтары мен басқа елдердің азаматтары арасындағы мұндай алшақтық «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» автожолының салынуымен, сондай-ақ тікелей инвестициялар құрамында Қытай инвестициялардың зор үлесімен түсіндіріледі [13].

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің 2020 жылғы 1 мамырдағы мәліметі бойынша елде ҚХР 100% шетелдік қатысуымен 2 674 заңды тұлға және Қазақстан мен Қытайдың бірлескен меншік нысанындағы 822 кәсіпорын тіркелген. Кәсіпорындардың 75%-ы Алматы және Нұр-Сұлтан қалаларында (тиісінше 61% және 14%), одан кейін кему ретімен Қытаймен шектесетін өңірлер – Алматы, Шығыс Қазақстан облыстары және Шымкент қалаларында тіркелген. Ең аз өкілдік еліміздің солтүстік облыстарында байқалады.

2021 жылдың қараша айында құрылыс компаниясының басшысы, Нұр-Сұлтандағы рестораторлар, Қытай банкі, Алматыдағы Қытай коммерциялық және өнеркәсіптік банкінің қызметкерлері және медициналық орталықтардың иелері арасында сараптамалық сауалнама жүргізілді. Құрылыс компаниясының басшысы Қытайдағы жол құрылысымен айналысатын ірі компаниясымен серіктес екенін атап өтті. Олар Қазақстанға инвесторлар болып кірді, құрылысқа, қаржы құралдарына ақша салды. Кәсіпорында Қытай азаматтары ғана емес, қазақстандықтар да жұмыс істейді. Барлық қызметкерлердің жоғары білімі бар. Басшының екі жоғары білімі бар, қаржы магистрі болып табылады. Қызметкерлердің құрылыс, қаржы және т.б салалардағы жоғары білімі бар. Банк қызметкерлерінің Алматыда отбасымен бірге тұрып

жатқандарына үш жылдан асты, келісім-шарт мерзімі біткен соң олар еліне қайта оралады. Реставраторлар бес жылдан астам жұмыс істейді. Олардың көпшілігі Орталық Азияның басқа елдерінде жұмыс істеген және бұл елдерге қарағанда Қазақстандағы жұмыс істеу пен өмір сүру жағдайлары қолайлырақ деп атап өтті. Пандемияға дейін Қазақстандағы қытай мейрамханаларында көп жұмысшы қызмет етті. Олардың мақсаты елінде өз бизнесін дамыту үшін бастапқы капитал жинау болды. Медициналық орталықтарда Қытайдың орталық медициналық университеттерінде білім алған дәрігерлер жұмыс істейді. Олардың көпшілігі бір жылға келеді. Көптеген орталықтар лицензия алуда қиындықтарға тап болып, бірлескен кәсіпорындар ашуға көшті, мұндай орталықтар қызметкерлерінің жартысы қазақстандықтар.

01.08.2021 жағдай бойынша Қазақстанда ҚХР азаматтарына жұмыс істеуге 2 211 рұқсат берілді (1-кесте). Ең жоғары көрсеткіш 2015 жылына келді, 17 507-ге дейін жетіп, кейін біртіндеп төмендей бастады. Пандемияға дейін аралықта 2019 жылы үш есеге төмендеп, 5 347 санына дейін жетті [14].

1-кесте. 2014-2021 жж. ҚХР азаматтарына Қазақстанда жұмыс істеуге берілген рұқсаттар саны.

| Облыстар | 2014 | 2015 | 2016 | 2017 | 2018 | 2019 | 2020 | 2021 |
|----------------------------|---------------|---------------|---------------|---------------|--------------|--------------|--------------|-------------|
| Ақмола облысы | 11 | 338 | 143 | 19 | 3 | 3 | 3 | 2 |
| Ақтобе облысы | 1543 | 1185 | 1338 | 960 | 1073 | 1094 | 862 | 485 |
| Алматы облысы | 503 | 441 | 403 | 279 | 618 | 902 | 617 | 388 |
| Атырау облысы | 760 | 1434 | 2351 | 2060 | 634 | 404 | 200 | 85 |
| Шығыс-Қазақстан облысы | 168 | 1930 | 2014 | 59 | 193 | 226 | 196 | 185 |
| Жамбыл облысы | 523 | 432 | 223 | 196 | 307 | 519 | 439 | 160 |
| Батыс-Қазақстан облысы | 5 | 8 | 8 | 8 | 5 | 4 | 2 | 2 |
| Қарағанды облысы | 59 | 217 | 80 | 51 | 59 | 151 | 76 | 108 |
| Қостанай облысы | 1 | 3 | 7 | 2 | 1 | 0 | 4 | 8 |
| Қызылорда облысы | 118 | 115 | 211 | 698 | 902 | 263 | 262 | 85 |
| Маңғыстау облысы | 701 | 548 | 571 | 443 | 473 | 476 | 318 | 164 |
| Павлодар облысы | 2997 | 3450 | 1214 | 546 | 70 | 18 | 3 | 0 |
| Солтүстік-Қазақстан облысы | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 6 | 4 | 3 |
| Оңтүстік-Қазақстан облысы | 828 | 1120 | 1347 | 2977 | - | - | - | - |
| Түркістан облысы | - | - | - | - | 848 | 62 | 32 | 22 |
| Алматы қ. | 725 | 756 | 902 | 796 | 659 | 699 | 574 | 388 |
| Нұр-Сұлтан қ. | 2918 | 5530 | 4114 | 1 555 | 241 | 139 | 82 | 87 |
| Шымкент қ. | | | | | 303 | 381 | 169 | 39 |
| Республика бойынша | 11 860 | 17 507 | 14 926 | 10 649 | 6 389 | 5 347 | 3 843 | 2211 |

Әлеуметтік зерттеулердің көрсетуі бойынша, Қазақстанда қытайлықтардың бірнеше топтары тұрады, соның ішінде:

1. Мемлекеттік ұйымдар мен мекемелердің өкілдері;
2. Мемлекеттік және мемлекеттік емес компаниялардың өкілдері мен қызметкерлері;

3. Еркін кәсіпкерлер;
4. Мердігерлік жұмысшылар;
5. Заңсыз мигранттардың да болуы мүмкін (олар туралы нақты ақпарат жоқ, дегенмен мұндай болжамның жасалуы әбден мүмкін).

Қорытынды

Қытай көші-қонының тенденциялары мен бағыттарының талдауын қорытындылап, келесіні атап өткен жөн:

- Қытайдың қатысуы кеңейген сайын Қытайдан заңды арналар арқылы көші-қон ағыны өседі;
- Қазақстандағы қытайлықтардың басым көпшілігі уақытша мигранттар;
- Қытай еңбек көші-қонының экономикалық құрылымының ерекшелігі қытайлықтардың қытайлық компанияларда, бірлескен кәсіпорындарда және экономиканың жеке секторында жұмысқа орналасуында;
- Қазақстандағы Қытай азаматтарының жұмыспен қамтылған негізгі салалар – өнеркәсіп пен құрылыс, сауда және қызмет көрсету.

Бұл талдау Қытайдың Қазақстандағы демографиялық экспансиясы туралы кең тараған мәлімдемелердің негізсіз екенін айғақтайды. Дегенмен, Қытай экономикалық қатысуының, әсіресе Қазақстан экономикасының стратегиялық маңызды секторларында, бақылаусыз кеңеюі ҚХР-дан сыртқы заңды көші-қон ағынының жылдам және ауқымды ұлғаюына әкелуі мүмкін. Көбінесе импорттаушы елдер шетелдік жұмыс күші уақытша феномен, иммигранттар келісім-шарт аяқталғаннан кейін өз елдеріне оралады деп сенеді. Алайда, көбінесе иммигранттардың басым көпшілігі сыртта қалып, жергілікті қоғамға біртіндеп сіңіп кетеді. П.Стокер атап өткендей, «еңбек көші-қон үрдісі өзіндік инерцияға бейім, көші-қон ағыны бір рет ашылса, оны жабу қиынға соғады» [15]. Осыған орай, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Көші-қон комитетіне мақалада көрсетілген деректерді назарға алып, Қытайдан келетін еңбек көші-қонының үрдістерін мұқият қадағалап, дағдылы түрде мониторинг жасау ұсынылады.

Мақала ҚР Білім және ғылым министрлігі Шығыстану институтының «Шығыс елдердегі ынтымақтастықты дамыту және аймақтық қауіпсіздік жүйесін қалыптастыру жағдайындағы Қазақстанның сыртқы саясаты» бағдарламасы аясында дайындалған.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Гельбрас В.Г. Миграция китайского крестьянства. // Вопросы экономики. – 2005. – №7. – С. 91 – 105.
2. Todaro M. Internal Migration in Developing Countries. A Review of Theory, Evidence, Methodology and Research Priorities. Geneva. International Labor. 1976. Office.

3. Stark O., Taylor E. Migration Incentives, Migration Types: The Role of Relative Deprivation. //The Economic Journal. 1991. 101:163-78.
4. Palloni A. Social capital and International migration: test using information on family networks. //The American Journal of Sociology. – Chicago, 2001. – March. – 106 – p. 162-198.
5. Massey D. A Synthetic Theory of International Migration and Economic Development in Comparative Perspective. Population and Development Review. 1988. 14:383-414.
6. Bohning W. Employing foreign workers. – Geneva, ILO, 1996.
7. Садовская Е. Аналитический доклад: Инициатива Китая «Пояс и Путь» и ее влияние на миграционные потоки и политику в Центральной Азии. URL: <https://bit.ly/3CQkdAo> (қаралған күні: 12.02.2022);
8. Инициатива Китая «Пояс и путь» и ее влияние на трудовую миграцию в Казахстане // Миграция как ресурс социально-экономического и демографического развития: сб. ст. Сер. «Демография. Социология. Экономика»/ под ред.: Рязанцева С.В., Храмовой М.Н., А.С. Максимовой. М., 2019. С. 201-207.
9. Цяочу Чжуньсунь. Трудовая миграция из Китая в Казахстан. URL: <https://elib.bsu.by/bitstream/123456789/268871/1/307-312.pdf> (қаралған күні: 15.03.2022);
10. Кожирова С. Миграция из Китая в Казахстан: история и современность. – Алматы, 2017. 302 с.
11. Болдурукова Н. Влияние китайской миграции на казахстанское общество: социально-политический аспект. Диссертация на соискание степени доктора философии (PhD), Астана. 2016.
12. В Казахстане подсчитали трудовых мигрантов из Китая. Курсив. URL: <https://kursiv.kz/news/obschestvo/2021-04/v-kazakhstan-podschitali-trudovykh-migrantov-iz-kitaya> (қаралған күні: 01.03.2022);
13. Анализ экономической стратегии и внешней политики Китая в Казахстане. Нур-Султан, 2020.
14. Разрешение на привлечение иностранной рабочей силы. Казахинвест. URL: https://invest.gov.kz/invest-guide/doing-business/labor-laws-and-foreign-labor-force/index.php?sphrase_id=24720 (қаралған күні: 01.03.2022);
15. Стокер П. Работа иностранцев: Обзор международной рабочей силы. - М.: Академия, 1995. - 348 с.

REFERENCES:

1. Gel'bras V.G. Migracija kitajskogo krest'janstva [Migration of the Chinese peasantry]. // Voprosy jekonomiki. – 2005. – №7. – p. 91 – 105.
2. Todaro M. Internal Migration in Developing Countries. A Review of Theory, Evidence, Methodology and Research Priorities. Geneva. International Labor. 1976. Office.
3. Stark O., Taylor E. Migration Incentives, Migration Types: The Role of Relative Deprivation. //The Economic Journal. 1991. 101:163-78.
4. Palloni A. Social capital and International migration: test using information on family networks. //The American Journal of Sociology. – Chicago, 2001. – March. – 106 – p. 162-198.
5. Massey D. A Synthetic Theory of International Migration and Economic Development in Comparative Perspective. Population and Development Review. 1988. 14:383-414.
6. Bohning W. Employing foreign workers. – Geneva, ILO, 1996.
7. Sadovskaja E. Analiticheskij doklad: Inicijativa Kitaja «Pojas i Put'» i ee vlijanie na migracionnye potoki i politiku v Central'noj Azii [Analytical report: China's Belt and Road Initiative and its impact on migration flows and policies in Central Asia]. URL: <https://bit.ly/3CQkdAo> (date accessed: 12.02.2022);
8. Inicijativa Kitaja «Pojas i put'» i ee vlijanie na trudovuju migraciju v Kazahstane [China's Belt and Road Initiative and its impact on labor migration in Kazakhstan]. // Migracija kak resurs social'no-jekonomicheskogo i demograficheskogo razvitija: sb. st. Ser. «Demografija. Sociologija. Jekonomika»/ pod red.: Rjazanceva S.V., Hramovoj M.N., A.S. Maksimovoj. M., 2019. p. 201-207.
9. Cjaochu Chzhuan'sun'. Trudovaja migracija iz Kitaja v Kazahstan [Labor migration from China to Kazakhstan]. URL: <https://elib.bsu.by/bitstream/123456789/268871/1/307-312.pdf> (date accessed:15.03.2022);
10. Kozhirova C. Migracija iz Kitaja v Kazahstan: istorija i sovremennost' [Migration from China to Kazakhstan: history and modernity]. – Almaty, 2017. P. 302.
11. Boldurukova N. Vlijanie kitajskoj migracii na kazahstanskoe obshhestvo: social'no-politicheskij aspekt. Dissertacija na soiskanie stepeni doktora filosofii (PhD) [The impact of Chinese migration on Kazakh society: socio-political aspect. Thesis for the degree of Doctor

of Philosophy (PhD)], Astana. 2016.

12. V Kazahstane podschitali trudovykh migrantov iz Kitaja [Kazakhstan has counted labor migrants from China.]. Kursiv. (21.04.2021). URL: <https://kursiv.kz/news/obschestvo/2021-04/v-kazahstane-podschitali-trudovykh-migrantov-iz-kitaya> (date accessed: 01.03.2022);

13. Analiz jekonomicheskoy strategii i vneshnej politiki Kitaja v Kazahstane [Analysis of economic strategy and foreign policy of China in Kazakhstan], - Nur-Sultan, 2020.

14. Razreshenie na privlechenie inostrannoj rabochej sily [Permission to attract foreign labor], - Kazahinvest. URL: https://invest.gov.kz/invest-guide/doing-business/labor-laws-and-foreign-labor-force/index.php?sphrase_id=24720 (date accessed: 01.03.2022);

15. Stoker P. Rabota inostrancev: Obzor mezhdunarodnoj rabochej sily [Employment by foreigners: An overview of the international workforce]. - M.: Akademija, 1995. – p. 348